

**Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
кадрларын басқарудың корпоративтік саясаты**

Келісілген:

Лауазымы	АЖТ	Қолы
Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары	Тәжібаева Ш.Ж.	
Сарапшы дәрігер	Мекебекова А.О.	
Заңгер	Филимонова Н.В.	
Кадр бөлімінің аға инспектор м.а.	Әбдібаева А.Е.	

<p>Құжаттық әрекет ету мерзімі: 2018ж. «01» желтоқсаннан бастап 2019 ж. «31» желтоқсанға дейін</p> <p>Ұзартылған «__» _____ 201__ ж. дейін</p>	<p>Мәртебесі:</p> <p>Күшіндегі <input type="checkbox"/></p> <p>Күшін жою <input type="checkbox"/></p>	<p>№__ дана</p> <p>№_____ көшірме (тарату кезіндегі құжаттаманың басқарылуына жауапты тұлғаның қолы)</p>
--	---	--

Алматы қ.

2017ж.

	Мазмұны	Бет
1	Мақсаты	3
2	Қолдану аумағы	3
3	Жауапкершілік	3
4	Терминдер мен қысқартулар	4
5	Нормативтік құжаттарға сілтемелер	6
6	Адами ресурстарды басқару бағдарламасының құрылымы	7
7	Штаттық кесте және құрылым бойынша ережелерді дайындау шаралары	9
8	Лауазымдық нұсқамаларды дайындау шаралары	9
9	Персонлды іздеу шаралары	10
10	Кандидаттарды таңдау және іріктеу шаралары	12
11	Жұмыскерді жұмысқа алу (еңбекке орналастыру) шаралары	12
12	Құжаттар верификациясының шаралары	14
13	Енгізу нұсқамасы мен бейімдеу шаралары	15
14	Өкілеттілігін бағалау және басымдылығын бекіту шаралары	17
15	Сынақ мерзімінен өту шаралары	19
16	Оқыту және оқытуды ұйымдастыру қажеттілігін анықтау шаралары	19
17	Жұмыскерлер денсаулығын қолдау шаралары	20
18	Қызметкерлердің қанағаттандырылғандығына сауалнама жүргізу шаралары	22
19	Өкілеттілігін бағалау және басымдылығын қайта қарау шаралары	22
20	Қызметкер өнімділігін бағалау шаралары	23
21	Қызметкер еңбегі жағдайын өзгерту, ауыстыру шаралары	25
22	Қызметкерді жұмыстан шығару шаралары	25

Қосымшалар тізімі

<i>1 қосымша</i>	<i>Кадрларды іздестіруге және іріктеуге өтінім</i>	
<i>2 қосымша</i>	<i>Бос жұмыс орны туралы хабарландыру үлгісі</i>	
<i>3 қосымша</i>	<i>Қажетті құжаттар тізімі жұмысқа қабылдау</i>	
<i>4 қосымша</i>	<i>Жеке қолтаңба үлгісі</i>	
<i>5 қосымша</i>	<i>Жеке істі бағалау нысаны</i>	

6 қосымша	Білімі және біліктілігі туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау журналы	
7 қосымша	Дәрігердің артықшылықтары парағы	
8 қосымша	Параклиникалық персоналдың құзыретін бағалау парағы	
9 қосымша	Орта буын медициналық персоналдың құзыреттерін бағалау парағы	
10 қосымша	Уақытша артықшылықтарды бекіту парағы	
11 қосымша	Сынақ мерзімін бағалау парағы	
12 қосымша	Дәрігердің артықшылықтарын қайта қарау парағы	
13 қосымша	Қызметкерлердің қанағаттанушылығын бағалау сауалнамасы	
14 қосымша	Қауіпсіздік мәдениетін бағалау бойынша сауалнама	
15 қосымша	Дәрігерді бағалау нысаны	
16 қосымша	Параклиникалық және орта медициналық персоналды бағалау нысаны	
17 қосымша	Медициналық емес персоналды бағалау нысаны	
18 қосымша	Құрылымдық бөлімше басшысын бағалау нысаны	
19 қосымша	Бас дәрігердің орынбасарларын бағалау нысаны	
20 қосымша	Басшылықты бағалау нысаны (мекеменің бірінші басшысының және оның орынбасарларының)	
21 қосымша	Жұмыстан босатылатын қызметкердің сауалнамасы	

1. Мақсаты

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 17 Қалалық емхана» КМК (ары қарай - №17 ҚЕ) адами ресурстарды басқару процестерін стандарттау және корпоративтік басқару элементтерін енгізу (Байқау кеңесі)

2. Қолдану аумағы

Осы Кадрларды басқарудың корпоративтік саясаты (бұдан әрі - Саясат) № 17

ҚЕ штаттан тыс барлық қызметкерлеріне (оның ішінде дәрігер-консультанттарға), келісімшарттық қызметкерлерге (қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша қызмет көрсететін қызметкерлерге) қолданылады.

3. Жауапкершілік

3.1. Кадрлар бөлімі осы Саясатты енгізуге және қызметкерлерді оның талаптарына оқытуға жауапты бөлімше (қызметкер) болып табылады.

3.2. Бөлімшенің әрбір басшысы, бөлімше меңгерушілері және оларға жетекшілік ететін бас дәрігердің орынбасары дәрігерлерге әрбір үш жыл сайын артықшылықтарды бекіту және қайта қарау үшін жауапты болады (7, 12-қосымшалар).

3.3. Параклиникалық бөлімшенің әрбір басшысы және жетекшілік ететін бас дәрігердің орынбасары параклиникалық бөлімшелердің қызметкерлеріне құзыреттерді бекіту және жыл сайын қайта қарау үшін жауапты болады (8-қосымша).

3.4. Әрбір аға мейірбике және Бас мейірбике орта медицина қызметкерлерінің құзыреттерін бекіту және жыл сайын қайта қарау үшін жауапты болады (9-қосымша).

3.5. ЕҚ және ТБ инженері жұмысқа орналасу кезінде, білімді бағалау нәтижелері бойынша білімі қанағаттанарлықсыз болған кезде, сондай-ақ оқиғаларға немесе оқыс оқиғаларға жауап ретінде әрбір қызметкердің ЕҚ және ТБ, МО, ТЖ, ТЖ бойынша нұсқама және оқыту үшін жауапты болады.

3.6. Ішкі аудит қызметінің және/немесе пациенттерді қолдау қызметінің қызметкерлері әрбір қызметкерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға, пациенттің қауіпсіздігіне, сервис пен оқыс оқиға туралы есептер жүйесіне нұсқама беруге және оқытуға, білімді бағалау нәтижелері бойынша білімі қанағаттанарлықсыз болған кезде, сондай-ақ оқиғаларға немесе инциденттерге жауап беруге жауапты болады.

3.7. Эпидемиолог-дәрігер (немесе инфекциялық бақылау жөніндегі мейірбике) жұмысқа орналасу кезінде, білімін бағалау нәтижелері бойынша білімі қанағаттанарлықсыз болған кезде, сондай-ақ оқиғаларға немесе инциденттерге жауап ретінде әрбір қызметкердің жұқпалы бақылау бойынша нұсқама беруі және оқуы үшін жауаптылықта болады.

3.8. Медициналық жабдықтар жөніндегі инженер жұмысқа орналасу кезінде, жаңа жабдықтар келіп түскен кезде, сондай-ақ оқиғаларға немесе оқыс оқиғаларға жауап ретінде медицина қызметкерлерінің медициналық жабдықпен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулығы мен оқытуына жауапты болады.

3.9. Кадрлар бөлімі әрбір қызметкерге еңбек режимі мәселелері бойынша, ұжымдық шарт, Іскерлік әдеп кодексі, жұмысқа орналастыру кезіндегі Әдеп кодексі бойынша, сондай-ақ оқиғалар мен оқыс оқиғаларға жауап ретінде нұсқама берілгені үшін жауаптылықта болады.

3.10. Бағдарламашы ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету және № 17 ҚЕ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әрбір

қызметкерге нұсқама және оқыту үшін жауапты болады.

3.11. Әрбір қызметкер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексіне сәйкес пациент туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға, сондай-ақ № 17 ҚЕ құпия ақпаратын сақтауға міндетті.

4. Терминдер мен қысқартулар

Бейімделу - № 17 ҚЕ қалыптасқан корпоративтік мәдениетпен, іскерлік нормалармен және дәстүрлермен жақындасу мақсатында қызметкердің жаңа жұмыс орны мен жаңа әлеуметтік орта жағдайына белсенді бейімделу процесі.

Құжатты верификациялау - құжатты берген бірінші көзде құжаттың түпнұсқалығын тексеру.

Сыртқы іздестіру - еңбек нарығында (жұмыс күші нарығында), оның ішінде уақытша бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іздеу.

Ішкі іздестіру - № 17 ҚЕ, оның ішінде уақытша қызметкерлер арасында бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іздеу.

АҚ - азаматтық қорғаныс.

Лауазымы - лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі.

Лауазымдық нұсқаулық - ұйымда белгілі бір лауазымды атқаратын қызметкер орындауға тиіс өкілеттіктер, міндеттер, жұмыстар шеңберін көрсететін нұсқаулық.

Өтінім - бос лауазымға орналасуға өтінім.

Өтінімнің бастамашысы - бос лауазымы бар құрылымдық бөлімшенің басшысы.

Біліктілік талаптары - қызметкерге оның кәсіби даярлығының деңгейі мен бейінін, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті жұмыс өтілін айқындау мақсатында қойылатын талаптар.

Құзыреттер - медициналық ұйымда орта медицина персоналы орындайтын рәсімдердің немесе дағдылардың тізімі.

Қауіпсіздік мәдениеті - қызметкерлер қолайсыз тәжірибені талдау және жұмысты жақсарту бойынша жүйелі шаралар қабылдау мақсатында қателер немесе проблемалар туралы хабарлаудан қорықпайтын және ұжымдағы басшылық қолдайтын атмосфера, қателер туралы хабарлама үшін қудалауды, мазақтауды немесе жазалауды жоюмен қол жеткізіледі.

Қызметке тарту - алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті білімі мен біліктілігі бар қызметкерлерді № 17 ҚЕ тарту процесі.

Тәлімгер - жаңа қызметкерге бейімделу, сынақ мерзімі кезеңінде күнделікті қызметте жан-жақты көмек және қолдау көрсететін бөлімше басшысы немесе тәжірибелі қызметкер.

НҚА - нормативтік құқықтық актілер.

ӨҚ - өрт қауіпсіздігі.

Параклиникалық персонал - диагностикалық, қосалқы қызметтер көрсететін бөлімшелердің қызметкерлері (сәулелік диагностика, физиотерапия, эндоскопия бөлімшесі, кір жуатын орын, стерилизациялау бөлімшесі және басқалары).

Персоналды іріктеу - № 17 ҚЕ персоналға қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті біліктілікке үміткерлер туралы деректер базасын құру процесі.

Артықшылықтар (дәрігерлер) - № 17 ҚЕ пациенттері үшін дәрігердің орындауына рұқсат етілген рәсімдер немесе операциялар тізімі.

ЕҚ - еңбекті қорғау.

Персоналды іріктеу - № 17 ҚЕ бос орындарды толтыру үшін қажетті дағдылары мен біліктілігі бар кандидаттарды таңдау процесі.

ҚР - Қазақстан Республикасы.

Жеке қорғану құралдары - бір жұмысшының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құралдар.

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары (газеттер, мамандандырылған басылымдар, теледидар, интернет және т.б.).

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ТЖ - төтенше жағдай.

Корпоративтік басқару элементтері - № 17 ҚЕ және Байқау кеңесінің басқаруға келісілген қатысу процесі және оның № 17 ҚЕ даму бағыттарын айқындауға белсенді қатысуы; қойылған мақсаттарға қол жеткізуді бақылау; негізгі құжаттарды бірлесіп бекіту және бірінші басшының бұйрығымен жеке-дара шешімнің орнына түйінді шешімдер қабылдау; Байқау кеңесі тарапынан жоғары басшылықтың әрбір мүшесінің (бас дәрігердің және оның орынбасарларының) индикаторлары бойынша жыл сайынғы бағалау.

5. Нормативтік құжаттарға сілтемелер

- 1) 1) 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы.
- 2) 2) 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР Еңбек кодексі.
- 3) 3) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV ҚР Кодексі.
- 4) 4) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV ҚР Кодексі.
- 5) 5) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V ҚР Заңы.
- 6) 6) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 ҚР
- 7) «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.
- 8) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы.

9) «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚР Заңы.

10) «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған» Денсаулық мемлекеттік бағдарламасын бекіту және Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығы.

11) «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы.

12) «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығы.

13) «Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығы.

14) «Бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін беру, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, уәкілетті ұйымнан берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығы.

15) «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығы.

16) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 429 бұйрығы.

17) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы N 660 бұйрығы. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада № 5906 тіркелген.

18) «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 693 бұйрығы.

19) «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 775 бұйрығы.

20) «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 791 бұйрығы.

21) «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығы.

6. Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатының құрылымы

6.1. Саясат мынадай кезеңдер мен процестерді реттеуге тиіс:

I кезең Жұмысқа орналастыру:

- 1) бос лауазымға кандидаттарды іздестіру, іріктеу, іріктеу, қабылдау;
- 2) бос лауазымға үміткерлердің, қызметкерлердің білімі мен біліктілігі туралы құжаттардың түпнұсқалығын тексеру;
- 3) кіріспе нұсқама (штаттық, штаттан тыс қызметкерлер, дәрігер-консультанттар, келісімшарттық қызметкерлер, № 17 ҚЕ уақытша баратын медицина қызметкерлері, студенттер мен курсанттар) және қызметкерлерді бейімдеу;
- 4) дәрігерлерге артықшылықтарды бекіту және параклиникалық және орта медициналық персоналдың құзыреттерін бастапқы бағалау;
- 5) сынақ мерзімінен өту және бағалау.

II кезең. Даму:

- 1) оқуға қажеттілікті анықтау, № 17 ҚЕ қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру;
- 2) қызметкерлердің денсаулығын сақтау (медициналық тексерулер, вакцинациялау және иммундау, байланыстан кейінгі жұқпалы аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтының алдын алу және т.б.);
- 3) материалдық және материалдық емес уәждеме жүйесі, корпоративтік рухты қалыптастыру және қолдау (кәсіптік одақтың жұмысы, корпоративтік, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және т.б.);
- 4) № 17 ҚЕ қызметкерлерінің қанағаттанушылығын сұрау және бағалау;
- 5) қауіпсіздік мәдениетін сұрау және бағалау.

III кезең. Өнімділікті бағалау:

- 1) дәрігерлердің артықшылықтарын қайта қарау (әрбір үш жыл сайын), параклиникалық және орта медицина қызметкерлерінің құзыреттерін қайта бағалау (жыл сайын);
- 2) қызметкерлерді жыл сайынғы бағалау, оның ішінде Байқау кеңесі ұйымның бірінші басшысын бағалау;
- 3) сараланған еңбекақы (қызметкерді тұрақты бағалау негізінде нақты

критерийлер немесе индикаторлар);
4) кадр бөлімі қызметкерінің жеке істеріне шолу.

IV кезең. Кадрлық жоспарлау:

- 1) кадрларға қажеттілікті бағалау, штаттық кестені (жыл сайын), ұйымдастыру құрылымын (қажеттілігіне қарай) қайта қарау;
- 2) лауазымдық нұсқаулықтарды қайта қарау (әрбір бес жыл сайын немесе жиірек);
- 3) қызметкерлердің демалыстарын жоспарлау (демалыстар кестесі);
- 4) кадрлардың тұрақтамауын қоса алғанда, кадр жұмысының индикаторларын талдау, жұмысты жақсарту бойынша басшылыққа ұсыныстар беру;
- 5) қызметкерлерге ҚР НҚА талаптарына және кадр жұмысы бойынша, еңбек қатынастары мәселелері бойынша № 17 ҚЕ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына кеңес беру.
- 6) жұмыстан шығару (жұмыстан босатылатын қызметкерлерге сауалнама жүргізу, жұмыстан шығарылу себептерін талдау, жұмыстан босатылатын қызметкерден процестерді берудегі сабақтастық).
 - 6.1. осы Саясат жоғарыда көрсетілген барлық кезеңдерді және бұдан әрі рәсімдер түрінде жазылған аталған процестердің көпшілігін айқындайды.
 - 6.2. Саясатқа қосымшалар оның іс жүзінде іске асырылуына ықпал етеді.
 - 6.3. жыл сайын осы Саясат негізінде Кадрлар бөлімі нақты іс-шараларды, жауапты және орындау мерзімдерін көрсете отырып, жылдық жұмыс жоспарын әзірлеуге, бекітуге және орындауға тиіс.

7. Штат кестесін және бөлімше құрылымы туралы ережені әзірлеу шаралары

- 7.1. Штат кестесі кадрларға қажеттілікті және көрсетілетін қызметтерді, ұйымның миссиясын және қолда бар ресурстарды ескере отырып, ұжымдық әзірленеді.
- 7.2. Штаттық кесте тарифтеу комиссиясы отырысының хаттамасымен бекітіледі.
- 7.3. Қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет штаттық кесте қайта қаралады. Штат кестесін бағалау нәтижесі бойынша оған қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі. «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен бекітілген штат нормативтерін (бұдан әрі - 238 бұйрық) қолдану ұсынылады.
- 7.4. Штаттық нормативтер (238 бұйрық) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін ұсынымдық сипатта болады, оны медициналық қызметтердің қажеттілігіне және олардың бейініне қарай Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының келісімі бойынша бірінші басшы бекітеді (бұйрықтың 1-1, 238-тармақтары қарастырылсын).

- 7.5. Штаттық кестеге өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдарды тиісті бөлімшелердің немесе қызметтердің басшылары береді, олардың өтінімдерін Үйлестірілген түрде Кадрлар бөлімі жинақтайды.
- 7.6. Бекітілген штат кестесінің түпнұсқасы бухгалтерияда, көшірмесі - кадрлар бөлімінде сақталады.
- 7.7. Кадрлар бөлімі штаттық кестеде жұмыспен қамтылғандардың және бос орындардың тізімін тұрақты жүргізеді және жаңартады.
- 7.8. Штаттық кесте әрбір лауазымның атауын, лауазымның әрбір түрінің бірліктерінің санын қамтиды.
- 7.9. Әрбір құрылымдық бөлімшені лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білікті тұлға басқарады.
- 7.10. Әрбір құрылымдық бөлімше үшін құрылымдық бөлімшенің басшысы кадрлар бөлімінің қызметкерлерімен және заңгермен бірлесіп, бөлімшенің негізгі қызметін, бөлімше көрсететін қызметтерді, басқа бөлімшелермен өзара іс-қимыл тәртібін және бөлімше ішіндегі жұмысты көрсете отырып, осы бөлімше туралы ереже жасайды.
- 7.11. Бөлімше туралы ережені бас дәрігер орынбасарының және құрылымдық бөлімше басшысының ұсынуы бойынша № 17 ҚЕ бас дәрігері бекітеді.
- 7.12. Бөлімше туралы бекітілген Ереженің түпнұсқасы кадр бөлімінде № 17 ҚЕ қарауына, көшірмесі құрылымдық бөлімшеде сақталады.
- 7.13. Бөлімше туралы ереже бөлімшенің атауын, бөлімшенің функцияларын (көрсетілетін қызметтерді), танысу парағын қамтиды.

8. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу шаралары

- 8.1. Штаттық кестеден лауазымның әрбір түріне лауазымдық нұсқаулық жасалады және бекітіледі.
- 8.2. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу және қайта қарау кезінде № 17 ҚЕ «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 775 бұйрығын басшылыққа алады; ұсынымдық сипаттағы «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 791 бұйрығымен бекітілді.
- 8.3. Қызметкердің міндеттері мен жауапкершілігі жазылған лауазымдық нұсқаулықтар да:
- 1) келісімшарттық қызметкерлерді;
 - 2) қызметкердің өз бетінше медициналық көмек көрсетуге құқығы жоқ лауазымдар (орта медициналық персонал, кіші медициналық персонал, резидент, курсант, практикадағы студент);
 - 3) № 17 ҚЕ уақытша қызмет көрсететін дәрігер-консультанттар (басқа медициналық ұйымнан консультант)

4) медициналық персонал емес.

8.4. Лауазымдық нұсқаулықтарға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсынымдарды тиісті бөлімшелердің немесе қызметтердің басшылары береді; лауазымдық нұсқаулықтардың жобаларын Кадр бөлімі жинайды.

8.5. Қызметкер бекіткен және қол қойған лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасы Кадрлар бөлімінде, көшірмесі - құрылымдық бөлімшеде немесе жұмыс орнында сақталады.

8.6. Лауазымдық нұсқаулық лауазымның атауын, егер қолданылса, бөлімшенің атауын, «Жалпы ережелер», «Біліктілікке қойылатын талаптар» (біліктілік талаптары), «Лауазымдық міндеттер», «Білуге тиіс» деген бөлімдерді қамтиды.

9. Персоналды іздеу шаралары

9.1. Бос лауазымдарға кандидаттарды іздестіруді, іріктеуді ұйымдастыру Кадрлар бөлімінің құзыретінде болады.

9.2. Өтінім (1-қосымша) бос орынға орналасуға үміткерлерді іздестіруді бастау үшін негіз болып табылады, оны құрылымдық бөлімшенің басшысы толтырады және Кадр бөліміне жібереді.

9.3. Өтінімдерді Өтінім бастамашылары Персоналды басқару қызметіне осы сәтте бос орындардың ашылғанына немесе ашылмағанына қарамастан ұсына алады.

9.4. Егер ұстаным жаңа болса, онда болашақ қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы Өтінім берілместен бұрын әзірленуі және бекітілуі тиіс.

9.5. Бос лауазымға кандидаттарды іздестіруді жүзеге асыру үшін **ішкі және сыртқы іздестіру әдістері** пайдаланылады.

9.6. Ішкі іздестіру, егер бұл берілген Өтінімде ізденудің қалаулы өлшемі болып табылса, жүзеге асырылады. Кадрлар бөлімі бос орын туралы хабарландыруды ішкі корпоративтік электрондық пошта арқылы немесе қызметтік хат арқылы немесе барлық қызметкерлерге ауызша жібереді. Хабарландыру үлгісі осы Саясатқа *2-қосымшада* келтірілген.

9.7. Бос орынға өз кандидатурасын ұсынуға ниет білдірген қызметкер өзінің түйіндемесін хабарландыруда белгіленген мерзімде № 17 ҚЕ Кадрлар бөліміне жібереді. Одан кейінгі рәсім осы Саясаттың 10 және 11-бөлімдерінде көрсетілген.

9.8. Кандидаттардың ішкі іздестіру ұзақтығы хабарландыруда көрсетіледі және 5 жұмыс күнінен аспайды.

9.9. Үміткерлерді сыртқы іздестіру, егер ішкі іздестіру оң нәтиже бермесе немесе Өтінімде іздеудің қалаған өлшемі сыртқы іздестіру көрсетілген жағдайда басталады.

9.10. Сыртқы іздестіру мерзімі Өтінім тіркелген сәттен бастап не ішкі іздестіру тоқтатылғаннан кейін 1 айды құрайды. Егер іздеу нәтиже бермеген жағдайда мерзім ұзартылуы мүмкін.

9.11. Егер сыртқы іздестіру нәтиже бермеген жағдайда, іздеу мерзімін ұзарту

не іздеу критерийлерін өзгерту, кандидаттарға қойылатын талаптарды нақтылау және кадрларды іздеу әдістерін кеңейту туралы мәселе шешіледі.

9.12. Сыртқы іздестіру мынадай әдістермен жүзеге асырылады:

- 1) кадрлар бөлімінің түйіндемесінің дерекқорымен жұмыс;
- 2) рекрутингтік агенттіктермен, жұмыспен қамту орталығымен және уәкілетті органдармен жұмыс;
- 3) БАҚ-пен жұмыс;
- 4) интернет желісінің ресурстарымен жұмыс.

9.13. Сыртқы іздестіру әдісін таңдау көптеген факторларға, мысалы, еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарының қажеттілігіне, бос жұмыс орындарының «сирек» болуына, әлеуетті кандидатқа жүктелетін лауазымдық міндеттердің күрделілігіне және т.б. байланысты. Әрбір нақты жағдайда қолданылатын сыртқы іздеу әдісі өтінім бастамашысының ұсынысы бойынша айқындалады.

9.14. Бос орындар туралы хабарландыруды БАҚ-та және медициналық ұйымның веб-сайтында орналастыру туралы шешім № 17 ҚЕ басшысының келісімі бойынша қабылданады. Орналастырылатын хабарландыруда № 17 ҚЕ толық атауы, бос позициялары, лауазымдық міндеттерінің қысқаша сипаттамасы, талап етілетін дағдылары мен біліктілігі, жұмыс тәжірибесінің болуы, кадр бөлімінің байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) көрсетіледі. БАҚ-та хабарландыру үлгісі осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген. Сонымен бір мезгілде интернет желісінің рекрутингтік қызмет көрсетуге бағдарланған басқа да мамандандырылған сайттарында ақпарат орналастырылады.

9.15. Бос орындарға үміткерлерді іздеу әдістерінің бірі оқу орындарымен жұмыс істеу болып табылады. Жоғары оқу орындарымен және медициналық колледждермен ынтымақтастық тұрақты және ұзақ мерзімді сипатта болуы тиіс. Кадрлар бөлімі ЖОО-ға қызығушылық танытатын деканаттармен, мансап орталықтарымен байланыста болуы, № 17 ҚЕ жұмыс істеу үшін перспективалы түлектерді тарту мақсатында бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне және мансап күндеріне қатысуы тиіс.

10. Кандидаттарды таңдау және іріктеу шаралары

10.1. Кадрлар бөлімі үміткерлерді іріктеу функциясын орындайды, яғни бос лауазымдарға үміткерлердің түйіндемелерін жинайды. Іріктеу қажетті біліктілігі бар кандидаттар туралы деректер базасын құру арқылы не сыртқы көздерге (веб-сайттарға) немесе кадрларды іздеу және тарту жөніндегі компанияларға жүгіну арқылы жүзеге асырылады.

10.2. Кандидаттардың қойылатын талаптарға сәйкестігі дәрежесін анықтау үшін Кадрлар бөлімі кандидаттарды жан-жақты бағалауға бағытталған әдістер кешенін пайдаланады: түйіндемені бастапқы іріктеу, әңгімелесу, ұсынымдарды тексеру.

10.3. Бастапқы іріктеудің мақсаты олардың іріктеудің келесі кезеңдерінен

өтуі үшін бос лауазымға неғұрлым қолайлы үміткерлерді анықтау болып табылады.

10.4. Кадрлар бөлімі бос лауазымға түскен барлық түйіндемелерді талдайды, Өтінімде және/немесе лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді.

10.5. Іріктеу процесінде Кадрлар бөлімі әрбір кандидатпен алдын ала әңгімелесу өткізеді.

10.6. Кадрлар бөлімі қарағаннан кейін олардың түйіндемелері өтінім бастамашысына (бос лауазымы бар бөлімше басшысына) жіберіледі. Өтінім бастамашысы ұсынылған түйіндемелерді үш жұмыс күні ішінде қарайды, кандидаттармен кәсіби дағдылар мен біліктілікті анықтауға әңгімелесу өткізеді.

10.7. Бұрынғы жұмыс орындарынан ұсынымдар мен өзге де мәліметтерді тексеруді Кадр бөлімі жүргізеді. Осы әдістің мақсаты ұсынылған ақпаратты қайта тексеру (оны білетін адамдардан, жұмыс жөніндегі әріптестерден кандидат туралы неғұрлым толық ақпарат алу және т.б.) болып табылады. Ұсынымдар мен өзге де мәліметтерді тексеру үшін Кадр бөлімі кандидат тексеру кезінде жұмыс істейтін жұмыс орнын қоса алғанда, алдыңғы жұмыс орындарына жүгінеді.

10.8. Егер кандидатқа ұсынымдар теріс сипатта болса немесе қайта тексерілетін ақпарат шындыққа сәйкес келмесе, Кадр бөлімі осы кандидатты қабылдамайды және бұл туралы өтінім бастамашысын хабардар етеді.

10.9. Бөлімше басшысының оң қорытындысын алғаннан кейін кандидаттың түйіндемесі кадр кеңесінің қарауына ұсынылады.

10.10. Кадр кеңесінің отырысы өткізілгеннен кейін шешім көрсетілетін хаттама ресімделеді. Жұмысқа орналастыру туралы оң шешім болған жағдайда, кадр бөлімі кандидатты жұмысқа орналастыру үшін құжаттарды ресімдейді.

11. Қызметкерді қабылдау шаралары (жұмысқа орналастыру)

11.1. Іріктеу процесінің барлық кезеңдерінен және жұмысқа қабылдау туралы оң шешімнен өткен жағдайда, іріктелген кандидат лауазымын, құрылымдық бөлімшесін және қабылдау күнін көрсете отырып, № 17 ҚЕ бірінші басшысының атына жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазады.

11.2. Өтініште:

1) жаңа қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы (әрбір қызметкер үшін);

2) бас дәрігердің жетекшілік ететін орынбасары (дәрігерлік персоналды қабылдау кезінде); бас мейірбике (орта немесе кіші медициналық персоналды қабылдау кезінде); әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша жетекшілік ететін лауазымды адам (әкімшілік, шаруашылық персоналды қабылдау кезінде).

- 3) кадр бөлімі бастығының (әрбір қызметкер үшін) еңбек режимі мәселелері бойынша, Іскерлік әдеп кодексі (этикалық кодекс) бойынша кіріспе нұсқамадан өтуі туралы;
- 4) қауіпсіздік жөніндегі инженер (-лер), ЕҚ, АҚ және ТЖ, ТЖ бойынша кіріспе нұсқамадан өту туралы ТҚ (әрбір қызметкер үшін);
- 5) ішкі аудит немесе пациентті қолдау қызметінің дәрігер-сарапшысы (әрбір қызметкер үшін) пациенттің сапасын, қауіпсіздігін жақсарту және сервисті арттыру бойынша, инцидент туралы есептер жүйесі бойынша кіріспе нұсқамадан өту туралы;
- 6) инфекциялық бақылау жөніндегі қызмет қызметкерінің (медицина қызметкерлері үшін) инфекциялық бақылау бойынша кіріспе нұсқамадан өтуі туралы;
- 7) медициналық жабдықтармен жұмыс бойынша кіріспе нұсқамадан өткені туралы медициналық жабдықтар жөніндегі инженер (медицина қызметкерлері үшін)
- 8) № 17 ҚЕ ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша кіріспе нұсқамадан өту туралы бағдарламашының.

11.3. Медицина қызметкерлерін жұмысқа қабылдау кезінде кандидат 086 нысанын толтыра отырып, медициналық тексеруден өтеді.

11.4. Іріктелген кандидат *3-қосымшаға* сәйкес құжаттардың түпнұсқаларын Кадрлар бөліміне ұсынуға міндетті.

11.5. Сондай-ақ кандидат Кадрлар бөліміне *4-қосымшаға* сәйкес жеке қолтаңбаның үлгісін ұсынады.

11.6. Қызметкерді қабылдау № 17 ҚЕ бірінші басшысының бұйрығымен және еңбек шартына қол қоюмен ресімделеді.

11.7. Кадрлар бөлімі жұмысқа кандидатты ресімдеу үшін қажетті құжаттар топтамасын жинақтайды және Қызметкердің жеке ісін қалыптастырады. Жеке істі қалыптастыру үшін қажетті құжаттардың тізімі және олардың орналасу реттілігі *5-қосымшада* көрсетілген.

11.8. Кадрлар бөлімі Қызметкердің еңбек кітапшасына және кадр іс жүргізуінде көзделген басқа да есепке алу құжаттарына қажетті жазбалар енгізеді.

11.9. Қызметкер уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына, белгілі бір жұмысты немесе маусымдық жұмысты орындау уақытына қабылдануы мүмкін және мұндай жағдайда жұмыс шарттары өтініште және еңбек шартында айтылады.

12. Құжаттарды верификациялау шаралары

12.1. Білім және біліктілік туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау мақсатында Кадрлар бөлімі медициналық қызметтің жаңа қызметкері бастағанға дейін білімі туралы дипломды және маман сертификатын біліктілік санатын бере отырып немесе бермей верификациялауды жүргізеді.

12.2. Верификация барлық дәрігерлерге жүргізіледі; орта медициналық персоналға; параклиникалық бөлімшелердің дәрігерлері мен орта медициналық персоналына немесе зертханашыларына.

12.3. Верификациялау мынадай әдістердің бірімен жүргізіледі:

1) құжатты берген ұйымға (ЖОО немесе уәкілетті орган) сұрау-хат жолданады және № 17 ҚЕ жазбаша жауап алады;

2) телефон арқылы верификациялау (12.4-т. қаралсын);

3) электрондық верификация - құжаттың түпнұсқалығын дәлелдейтін құжатты берген ұйымның сайтынан мәліметтерді тікелей басып шығару.

12.4. Шұғыл жұмысқа маманды қабылдау қажеттілігіне байланысты Кадрлар бөлімі Растау журналында *(б-қосымша)* құжаттамасы бар телефон арқылы білімі немесе біліктілігі туралы құжаттың түпнұсқалығын растай алады, кейіннен сұрау-хат жолданады және жазбаша растау алынады. Құжаттың түпнұсқалығын растау туралы хат қызметкердің жеке ісіне тігіледі.

12.5. Ұсынылған білім туралы құжат немесе маман сертификаты түпнұсқа болып табылмайтыны туралы мәліметтерді алған кезде (құжатты бұрмалау) Кадр бөлімі бұл туралы № 17 ҚЕ бірінші басшысын хабардар етеді. Құжатты бұрмалау шарт жасасудан бас тартуға немесе қолданыстағы еңбек шартын бұзуға негіз болып табылады.

12.6. Қызметкерлердің білімі мен біліктілігі туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау:

1) уәкілетті мемлекеттік органның (ҚР Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық департаменттері) растау-хаты не бұйрығының көшірмесі;

2) оқыту жүргізу үшін № 17 ҚЕ келетін шетелдік мамандар үшін ресми сайттан алынған ақпарат немесе жұмыс орнынан алынған ресми анықтама білім және біліктілік туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау болып табылады;

12.7. ҚР «Білім туралы» Заңының 39-бабының 8-тармағына сәйкес, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері - ҚР азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген білім туралы құжаттар ҚР тану немесе нострификациялау рәсімдерінен өтпей танылады.

12.8. Білім туралы дипломды верификациялау бір рет жүргізіледі.

12.9. Біліктілік санатын бере отырып немесе бермей маман сертификатын верификациялау жұмысқа орналасу кезінде және одан әрі үш жылда бір рет (тіпті құжат өзгермесе де) және жаңа құжаттарды алу кезінде әрбір рет қайта жүргізіледі.

13. Кіріспе нұсқама беру және бейімдеу шаралары (бағдарлау)

13.1. Кіріспе нұсқаманы мынадай қызметкерлер жүргізеді:

1) ЕҚ және ТБ инженері осы Саясаттың 3.5-тармағына сәйкес ЕҚ және ТБ, МО, ТЖ, ТБ бойынша нұсқау және оқыту жүргізеді.

- 2) Ішкі аудит қызметінің және/немесе пациенттерді қолдау қызметінің қызметкерлері осы Саясаттың 3.6-тармағына сәйкес нұсқама және оқыту жүргізеді.
